

Қазақтың ұлттық ойындары

*Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
Бейбитов С.А.*



МЕКТЕПТЕГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жас ұрпақтың азамат болып қалыптасуы, оның жан-жақты дамуының түп тамыры тәрбиеден бастау алады. Қазақстанның ертеңі мен еліміздің ұлттық қауіпсіздігі, қоғамның құндылық бағдары жайлы сөз қозғағанда тәрбие мәселесіне ерекше назар аудару қажет.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 11-бабында «Білім беру жүйесінің міндеті - ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктер негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» деп атап көрсеткендей, жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның жеке тұлғасын дамытуға жаңаша талаптар қойылды [1]. Осыған орай қоғамымыздың іргетасын нығайтуға және бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие бер үшін ұлттық ойындарды оқыту және тәрбие үрдісінде пайдаланудың өзектілігі туындап отыр.

Ендеше ұлттық ойындар халық педагогикасының бір саласы ретінде адам, отбасы, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, ой-пікірлерін, ұстанымдарын қамтитын педагогикалық идеялар мен салт-дәстүрлер, өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді. Оқушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық ойындар арқылы танысып келеді [2].

Халық ойынды әрқашанда тәрбие құралы деп таныған. Қазақтың ұлттық ойындарын дене тәрбиесі сабағында жоспарға енгізу арқылы өткізу жас буынды тәрбиелеуде теңдесі жоқ құрал. Әр сабақ сайын ұлттық ойынның үш-төрт түрін алып, солардың ойнау тәсілін үйретіп отырса, жетілдіре, қайталау арқылы пысықтап отырса, әрбір бала жадында сақтайды да, оны ойнай біледі. Ойынды сабақта қолдану оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы.

Бейбитов С.А.

«ТОҒЫЗ ҚҰМАЛАҚ –ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНЫ»



Қарағанды 2015

Мазмұны

Кіріспе.....	4
Қазақтың ұлттық ойындары - халқымыздың мәдени асыл мұрасы.....	7
Тоғыз құмалақ ойыны туралы.....	9
«Тоғыз құмалақ» үйірмесінің күнтізбелік жоспары.....	13
Ашық сабақ тақырыбы: Ойын тарихы, ережесі және мақсаты.....	26
Ашық сабақ тақырыбы: Ойын ережелері мен ерекшеліктері.....	33
Сабақтың тақырыбы: Ұлттық ойындар, «тоғызқұмалақ».....	38
Тоғызқұмалақ сөздігі.....	40
Тест сұрақтары.....	43
Қорытынды.....	45
Әдебиеттер тізімі.....	46

Наурыз мерекесі күніне арналған 3-ші және 5-ші
сыныптар арасындағы сайыс.



Таңғажайып тоғызқұмалақ

Негізгі мәселелері бойынша оқушыларға арналған көмекші құрал



Бағдарлама қосымша білім беру саласы бойынша “тоғызқұмалақ” үйірмесі оқушыларға


Үйретумен қатар, олардың ой-өрісін, сана сезімін дамытуға, ұстамдылыққа, төзімділікке, сабырлыққа, жігер-намысты шындауға көп еңбектенуге тәрбиелейді.

Қызықтырған есепшіні, ойлыны,
Бабалардың бұл – ежелгі ойыны.
Екі адамға тең бөлінген «мал – жайы»,
Ойнау үшін тақтасы бар арнайы.
Бар он сегіз ұясы оның – кіші отау,
Екі қазан үлкен келген – іші отау.
Бір жүз алпыс екі – барлық құмалақ,
Сексен бірден – екі ойыншы тұр қамап.
Әрқайсысының сегіз ұя – «ойы» бал,
Әр ұяның дәл тоғыздан «қойы» бар.
Екі ойыншы – екі «қойшы» кезекпенен,
Түсіреді ұяға «қой» есеппен
Бір - бірінің ұясына айдайды,
«Қой – құмалақ», санын жіті аңдайды.
Ұяда қай жұп болса «қой» - құмалақ,
Бәрі қарсы қазанға кеп құламақ.
Солдай талай қой қазанға түседі,
Есепке оны екі қойшы тізеді.
Кімде - кімнің қазаны тез толады,-
Сол ойыншы ұтып шыққан болды.
Қызықтырған бүгінде де ойлыны, Міне,
осындай бабалардың ойыны



Алға қойылған жоспарлар:

1. Тоғызқұмалақ ойынын компьютер арқылы жүзеге асыру
2. Спорт залына тоғызқұмалақ тақтасын орнату
3. Тоғызқұмалақ тақтасын мектеп спорт алаңына орнату



1. Тоғызқұмалақ ойының компьютер арқылы ойнау



2. Спорт залындағы тоғызқұмалақ тақтасы



3. Мектеп спорт алаңындағы тоғызқұмалақ тақтасы

**МАДАҚТАМА
ГРАМОТА**

*Аймақтық «Тогызқұмалақ»
жарысында III орынды иеленгені үшін
№101 мектеп-лицейі
марапатталады*

№39 гимназия директоры:

Ж.Базыл

15 қазан

Қарағанды 2015ж



“Тоғызқұмалақ” –қазақтың ұлттық зияткерлік ойыны



Әдебиеттер тізімі:

Ақшораев А. Тоғызқұмалақ. Алматы. 1979.

Алдабергенов А. Қозғалмалы ойындар. “Бастауыш мектеп”, 1993, №11.

Бержанов К. , Мусин С. Педагогика тарихы. Алматы. “Мектеп”,

Бүркітбаев Ә. Спорттың ұлттық түрлері мен оның тәрбиелік мәні.

Бүркітбаев Ә. Қазақтың ат спорты. Алматы. 1974.

Бекбатчаев Т. Применения традиционных казахских народных игр и упражнений

Долданова С. Ойын элементі оқушының белсенділігін арттырады. Алматы. 1973ж.

Жарықбаев .Қазақ ағартушылар жастарды тәрбиелеу туралы. Алматы. 1965.

Жұмағожина Р. Балалар ойыны тәрбие құралы. “Бастауыш мектеп”, 1993,

Рахимқұлов. Тоғыз құмалақ. Алматы. 1957ж.

Қоянбаев Р. Білім беру және оқыту теориясы Алматы 1990ж.

Тәнікеев Қазақтың ұлт – спорт ойындары. Алматы 1957ж.

Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы. 1987ж.

К.Д. Ушинский, Балаларды тәрбиелеу және оқыту жөнінде таңдамалы пікірлері.

Молдагаринов А. Қазақтың балалар ойындары. Алматы. “Жалын” 1987.

Сағындықов Е. Ұлттық ойындарды тәрбие жұмыстарында қолдану. “Қазақстан мектебі”,

Сағындықов Е. Ойын – тәрбие құралы. “Білім және еңбек”,

Сағындықов Е. Халық ойындарының балаларды тәрбиелеудегі ролі. “Қазақстан мектебі”

ПІКІР

Қарағанды қаласы №101 мектеп – лицейінің дене шынықтыру пәні
мұғалімі С.А.Бейбитовтың «Тоғыз құмалақ-қазақтың ұлттық
зияткерлік ойыны» атты әдістемелік нұсқауларына
ПІКІР

С.А.Бейбитовтың «Тоғыз құмалақ-қазақтың ұлттық зияткерлік ойыны» атты әдістемелік нұсқауларында қазақ халқының ұлттық ойыны тоғыз құмалақтың ережелері, мектепте үйірмені ұйымдастырудың жолдары айқындалған.

Қазіргі таңда білім беру түсінігіне оқытудың нәтижесі ретінде білім, іскерлік, дағдыларды ғана емес, оқушының іс-әрекет пен қарым-қатынасының үздіксіз жүруі барысында мінез-құлықтық ұстамдарында сындарлы ойлау, әрекет жасау, бағалау біліктерін де қалыптастыруға назар аудару керек.

Автор тоғызқұмалақ ойыны арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамыта отырып, математика пәніне деген қызығушылықтарын арттырады, логикалық ойлауын дамытуға ықпал етеді. Тоғызқұмалақ ойыны үйренушілерге жақсы көмекші құрал. Оқушылардың ойлау қабілетін артыра отырып саусақтардың шынығуы әсіресе қыз балаларға саусақтардың дұрыс иілгіштік ықпал етеді.

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулардың тиімділігін атап өтсек: отанды сүю - бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау.

Аталған әдістемелік құралы ұстаздың мектептегі мол тәжірибесінің нәтижесі.

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУдің дене
мәдениеті ілімі мен әдістемесі және спорттық медицина
кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының
кандидаты, профессор



Бөжиг Жанболат

❖ *Тақтаның жазу үлгісіндегі жалпы құрылысы төмендегідей.*

❖ *Қостаушы*

❖ *қазаны*

❖ 9 9 9 9 9 9 9 9 9

❖ 9 9 9 9 9 9 9 9 9 9

❖ *Бастаушы*

❖ *қазаны*

- ✓ *Оқушыларға тоғызқұмалақ методикалық әдістемелерін үйрету .*
- ✓ *Бағыт мәселелері*
- ✓ *Отауға бір құмалақ қалдыру*
- ✓ *Тұздық алу*
- ✓ *Атсырау ережесі соңғы жүріске мүмкіндік беру*
- ✓ *Жазу тәртібі*
- ✓ *Тоғызқұмалақ әліппесі*